

5. Tsendeehuu TS. The evolution of the natural population of sea buckthorn of Mongolia, (*H.rhamnoides L.ssp.mongolica Rousi*) phenogeographic study. //Thesis for a doctoral degree. UB.1996, –283 p.

6. Tsendeehuu Ts. Variation of accumulation and morphological characters in populations on Mongolian Seabuckthorn, Symposiim “Biodiversity Research in Mongolia” 2012. Germany, Halle.

7. Cramon-Taubadel, S. von & Nivyeveskiy, O. Belarus Agricultural Productivity and Competitiveness: Impact of State Support and Market Intervention. Washington, DC, USA. –2009,

8. Ganzorig Gonchigsumlaa, Stephan von Cramon-Taubadel, Nergui Soninkishig, Andreas Buerkert. Competitiveness of sea buckthorn farming in Mongolia: A policy analysis matrix. Journal of Agriculture and Rural Development in the Tropics and Subtropics Vol. 121 No. 1 (2020) 77–88. <https://doi.org/10.17170/kobra-20200406114>

9. Research result report of distribution and genetic resource of Mongolian natural wild seabuckthorn. Darkhan-Uul aimag –2013.

10. Oyungerel.D, Bayaraa.G, Battumur.S, Altangoo.G, Nasanjargal.D, Gantuya.D, Otgontamir Ts. Study result of Mongolian natural wild seabuckthorn (*Hippophae rhamnoides L.*). International Journal for Research in Agricultural and Food Science. ISSN: 2208-2719. Volume-5, Issue-10, October, 2019

**ӘОЖ: 327.5**

**FTAMP: 25.11.19**

**<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2023.77.3.013>**

*Қ. Сарқытқан<sup>1\*</sup>, Е. Ерболат<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты*

*<sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Алматы қ., Қазақстан*

## **ДҮНИЕЖҮЗІНІҢ САЯСИ КАРТАСЫНДАҒЫ ШИЛЕНІСТІ АЙМАҚТАР ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ГЕОСАЯСИ МҮДДЕСІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада геокікілжінің теориялық негіздері, кезеңдері мен деңгейін сондай-ақ жіктелуі қарастырылады. Әлемнің әртүрлі аймақтарындағы қақтығыстарға қатысты негізгі теориялық және практикалық аспектілер зерттеледі. Атап айтқанда, аймақтық шиеленістердің негізгі экономикалық, саяси-идеологиялық, және әлеуметтік себептерін талқылап елдер ішіндегі және арасындағы қақтығысты талқылайды.

Мақаланың бөлімі бойынша түрлі қақтығыстарға талдау жүргізу, нақтырақ айтқанда - қақтығыстардың өңірлері, аумақтық ерекшеліктерін, қақтығыстың түрлі себеп- салдарын әртүрлі ушыққан аймақтардың мәртебесін және қақтығыстардың негізгі нүктелерін зерделейді. Мсыалы Ресей-Украина, Орталық Азияда, Балқанда, Таяу Шығыста, Африкада және Еуропа мен Американың кей жерлерінде орын алған шиеленістер талқыланады.

Геокікілжіңдердің саны жыл өткен сайын артып отыр. Оның жалпы мемлекет және аймақ үшін келтіретін зардабы ауыр. Ол мемлекеттік қауіпсіздікке, саяси тұрақтылыққа кері әсер етеді. Әсіресе Қазақстан секілді жас, тәуелсіз елдер үшін аймақтағы саяси тұрақтылықтың маңызы зор. Сол үшін әлемдегі және аймақтағы, тіпті ел ішіндегі түрлі геокікілжіңдерді, қақтығыстарды ғылыми түрде зерттеудің және одан лайықты қорытынды шығарудың тиімділігі жоғары болады.

Осындай ауқымды тақырыпты зерттеу барысында сан түрлі әдістерді қолдануға тура келеді. Мәселен, тарихи-географиялық, мұрағаттық, баяндау, статистикалық және салыстыра

талдау, географиялық үлгілеу әдістері. Сонда ғана ғылыми зерттеуде нақты әрі шынайы нәтижелерге жетуге болады.

**Түйін сөздер:** саяси карта, гео кикілжің, аймақтық конфронтация, территория тұтастығы, саяси дағдарыс.

*К. Саркыткан<sup>1\*</sup>, Е. Ерболат<sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>Институт Востоковедения имени Р.Б. Сулейменова*

*<sup>2</sup>Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
г. Алматы, Казахстан*

## **КОНФЛИКТНЫЕ ЗОНЫ НА ПОЛИТИЧЕСКОЙ КАРТЕ МИРА И ГЕОПОЛИТИЧЕСКИЕ ИНТЕРЕСЫ КАЗАХСТАНА**

### *Аннотация*

В статье рассматриваются теоретические основы, этапы и уровень геораспределения, а также его классификация. Исследуют основные теоретические и практические аспекты конфликтов в разных регионах мира. В частности, обсуждаются основные экономические, политические, идеологические и социальные причины возникновения геоконфликтов, анализируются конфликты внутри государств и между народами.

Еще одна важная часть статьи посвящена анализу различных конфликтов, в частности, рассматривается место возникновения конфликтов, региональная специфика, причины конфликтов, статус различных спорных территорий и основные моменты конфликтов. Обсуждаются конфликты в России-Украине, Центральной Азии, на Балканах, Ближнем Востоке, в Африке, а также в некоторых частях Европы и Америки.

Количество геогородов увеличивается с каждым годом. Его последствия для страны и региона в целом серьезны. Это оказывает негативное влияние на государственную безопасность и политическую стабильность.

Политическая стабильность в регионе особенно важна для молодых независимых стран, таких как Казахстан. Поэтому эффективнее будет научно изучать различные геоконфликты и конфликты в мире и регионе, даже внутри страны, и делать из них соответствующие выводы.

В ходе исследования столь обширной темы необходимо использовать множество различных методов. Например, историко-географический, архивный, статистический и сравнительный анализ, методы географического моделирования. Только тогда можно добиться реальных и верных результатов в научных исследованиях.

**Ключевые слова:** политическая карта, геоконфликт, региональное противостояние, территориальная целостность, политический кризис.

*Sarkytkan K. <sup>1\*</sup>, Erbolat E. <sup>2</sup>*

*<sup>1</sup>R.B.Suleimenov Institute of Oriental Studies*

*<sup>2</sup>Abai Kazakh National Pedagogical University  
Almaty, Kazakhstan*

## **CONFLICT ZONES ON THE POLITICAL MAP OF THE WORLD AND THE GEOPOLITICAL INTERESTS OF KAZAKHSTAN**

### *Abstract*

The article discusses the theoretical foundations, stages of development, levels, and classification of geo-conflict. In particular, it discusses the main economic, political, ideological and social causes of regional conflicts and analyzes conflicts within and between countries.

An important part of the section of the article is to conduct an analysis of several different conflicts, namely - regions of conflicts, territorial features, various causes and consequences of

conflicts, the status of various exacerbated regions and the main points of conflicts. The conference will discuss the events that took place in Russia-Ukraine, Central Asia, the Balkans, the Middle East, Africa and parts of Europe and America. The number of geo- conflict communications is growing every year. The consequences for the state and the region as a whole are serious. It harms state security and political stability. Political stability in the area is essential for young, independent countries such as Kazakhstan. For this purpose, it will be more effective to scientifically study various Geo- conflicts in the world and the region, and even within the country, and draw worthy conclusions from it.

In studying such a large-scale topic, many different methods must be used. For example, methods of historical and geographical, archival, narrative, statistical and comparative analysis, and geographical modelling. Only then can real and realistic results be achieved in scientific research.

**Keywords:** political map, geo-conflict, regional confrontation, territorial integrity, political crisis.

**Кіріспе.** Әлемдегі саяси күштердің арақатынасының өзгеруі нәтижесінде аймақтық және жаһандық сипатта шиеленістердің соғыс сипатына ауысуы қаупі туындап отыр. Кез-келген мемлекеттің саяси өмірінде қоғамның мүдделері мен пікірлері, саяси ұмтылыстар, әлеуметтік қауымдастықтар мен партиялардың құндылықтарының сәйкес келмеуі орын алады. Адамзат қоғамының өмір сүру тарихында бірге жүретін әртүрлі шиеленістердің ішінде саяси шиеленістер ерекше орын алады, ол өз кезегінде адам қызметінің басқа салаларындағы – экономикалық, әлеуметтік, рухани шиеленістердің салдары болып табылады. Олардың ішінде аумақтық тұтастық пен этникалық теңдікке, діни алауыздыққа алып келетін жағдайлар көптеп саналады. Міне осындай сан түрлі мәселелер ұшыға келе қарулы қақтығыстарға, соғыстарға ұласып жатады. Жалпы бұларды әлемдік қауымдастық дүниежүзілік саяси картасындағы шиеленісті аймақтар деген ұғымға сыйдырады.

Бүгінгі таңда ғылымға адам баласының нақты қай кезде, қайсы жерде пайда болғаны белгісіз болғанымен, тарихи даму барысында адамдар арасындағы қақтығыстардың жиі әрі әр түрлі деңгей мен көлемде болғаны белгілі. Бұндай қақтығыстар туралы түрлі деректер мен еңбек жазбалары өткен уақытта да жазылған және бүгінге дейін сақталып келгендері де бар. Шиеленіс мәселесіне деген антикалық көзқарастарды талдай келе, сол кездің ойшылдары шиеленісті әлеуметтік құбылыс контекстінде қарастырғанын, әлеуметтік салдары тұрғысынан баға бергеніне байқай аламыз. Антикалық дәуір бізге әлемдегі алғашқы шиеленіс ошақтарының егжей-тегжейлі сипаттамасын, сонымен қатар оны бағалау тәсілдерін қалдырды. Аристотель, мемлекет адамдарды татуластыру құралы екендігіне сенді және адам мемлекеттен тыс тым қауіпті болады деп есептеді. Осыған байланысты адамзат тарихында болған көптеген шиеленістердің орын алуының мәселелерін зерттейтін ғылым саласы "Конфликтология" деген ғылымның шығуына себеп болды. Бірақ, ғылым ретінде зерттеулер жасалып, ортаға ұтымды жолдар көрсетілседе, адамдар арасындағы шиеленісті мәселелер мен аймақтар азайып немесе толастаған жоқ. Тіпті, жыл өткен сайын көбеймесе азаймай барады. Сондықтан бұл мақала арқылы біз, саяси картадағы маңызды шиеленісті аймақтарға экономикалық-географиялық сипаттама берудің негізінде шиеленістерді алдын-алу және реттеудің әдістері мен теориялық негіздерін қарастырамыз. Сонымен бірге Қазақстанның географиялық орналасуына қарай отырып, тәуелсіздігін мәңгілік етудің маңызында ескереміз.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Дүниежүзі саяси картасының құрылымын шын мәнінен алып қарасақ өте күрделі ғылым саласы. Әлем елдерінің жағдайы алуан түрлі. Әр мемлекеттің өзіндік дара ерекшелігі, тарихы және әлемдік саясаттағы орны бар. Сол үшін зерттеу барысында сан түрлі әдістерді, мәселен, тарихи-географиялық, мұрағаттық, баяндау, статистикалық және салыстыра талдау, географиялық үлгілеу, сонымен бірге индукция, дедукциялық әдістерді қолдану арқылы нақты әрі шынайы нәтижелерге жетуге болады.

**Зерттеу нәтижелері мен талдаулар.** Аймақтық шекаралар мен басқа да мәселелер бойынша талас – тартысқа түсіп жатқан үш жүз (300) орын (ыстық нүкте) бар. Олардың басым көпшілігі шекаралас елдер арасында орын алып отыр. Екінші дүниежүзілік соғыстан бастап бүгінге дейін 500-ге жуық әртүрлі деңгейдегі соғыстар болған. Бір қызығы кейбір соғыстардың тарихы ұзақ, ауқымы күрделі, ал себеп-салдары тым қарапайым болып келеді. Мысалы, Тигр мен Евфрат арасындағы 508 шаршы шақырым жер үшін Иран – Ирак сегіз жыл (1980-1988 жж.) соғысқан [4].

Қазіргі ғаламдану үдерісіне сәйкес, орын алған кез-келген шиеленісті бейбіт түрде шешуді талап етеді. Саяси үдерістердің сан алуан түрлерінің ішінде шиеленістер қоғамның әлеуметтік және саяси өміріне үлкен өзгерістерді алып келеді. Тәжірибе көрсететіндей шиеленістерді реттеудің тәсілдері әрдайым жақсы нәтиже көрсетіп жатқан жоқ. Шиеленістер өршуінің негізгі себебі - халықаралық тәртіптің бұзылуы, бұл барлық елдерді тікелей күш қолданудан қорғансыз етіп қалдырды. Бұл бұдан былай біз күштер тепе-теңдігі басым рөл атқаратын тұрақсыз әлемде өмір сүріп жатқанымызды білдіреді. Демек, шиеленісті аймақтар деп отырғанымыз дүниежүзілік саяси картадағы шиеленісті аймақтарды, яғни саяси өрістегі мәртебесіне, экономикалық деңгейіне, саяси, мәдени, идеологиялық себептері мен ауқымына байланысты үлкенді-кішілі қақтығыстарды білдіреді [5].

Қандайда бір қақтығыстың пайда болуынан шарықтау шегіне жетіп, аяқталғанға дейінгі уақытта өзінің дамуы кезеңдері болады.

Олар: *Жасырын кезең;*  
*Бастапқы кезең;*  
*Жанжал кезеңі;*  
*Жанжалдың тоқтатылуы.*

Бұл кезеңдердің әр қайсы түрлі сипатқа ие болады. Бастапқы кезеңде шиеленіскен тараптар өз мүдделерін жақтап, дауласа бастайды. Екінші кезекте, әр топ өз мүддесін қорғау үшін іс-әрекетке көшеді. Үшінші сатыда іс-әрекетке қарсы жауап болады. Бұл шиеленістің қандай болуы мүдделер қақтығысының деңгейіне сай болады. Соңғы сатыда шиеленіскен тараптар белгілі ұстаным бойынша келісімге келеді.

“Географиялық қақтығыс” деп аталатын ғылыми салада геокеңістіктік шеңберде (физикалық географиялық кеңістік, экономикалық және әлеуметтік кеңістік, мәдени кеңістік, саяси кеңістік) қалыптасқан әр түрлі қақтығыстар бір-бірімен қабаттасып, күрделеніп, жіктеліп, түрленіп отырады. Бұл процесс қоғамдар мен ұлттарды мүмкіндігінше көп топтар мен фракцияларға бөліп, жанжалдардың барлық түрін тудырады. Жаһандық қақтығыстарды зерттеудің негізгі мақсаты- дүниежүзінің әртүрлі шиеленіс аймақтарын саяси-географиялық тұрғыда реттеудің жолдарын анықтау. Қақтығыс деңгейлерін жаһандық, аймақтық және жергілікті деп бөлуге болады [6].

**Жергілікті кикілжің.** Белгілі бір аймақта немесе белгілі бір елдер арасында болатын қақтығыс. Бұл этникалық немесе тарихи мәдени құндылықтарға байланысты болуы мүмкін.

**Аймақтық кикілжің.** Бұл белгілі бір географиялық аймақтағы елдердің саяси және экономикалық мүдделерінің қайшы келуінен туындайды. Мысалы, НАТО мен Ресей арасындағы әскери қақтығыс салдарынан туындаған Ресей мен Украина арасындағы соғыс туралы айтуға да болады.

**Жаһандық кикілжің.** Бұған халықаралық қоғамның дамуындағы негізгі саяси процестер жатады. Мысалы, кеңестік авторитарлық социалистік жүйенің күйреуі.

Таяу Шығыстағы, Орталық Азиядағы және Украинадағы шиелістердің әскери қақтығысқа ұласуы бейбітшілікті сақтау шараларының үдерісіндегі кемшіліктерді көрсетті. Әлемдік күш орталықтарының ауытқуы саяси аренада жаңа ойыншыларды алып келді. Шиеленістердің географиялық таралу заңдылықтарын анықтап, реттеу жолдарын ұсына аламыз. Әлемде шиеленістердің туындау себебі мен оның сипаты және шиеленіс аймағының таралу географиясының өзектілігі арнайы зерттеулердің пайда болуына алып келді.

Қақтығыстар әсіресе дамушы елдер жиі тұратын Африка мен Азия сияқты аймақтарда орын алады. Дегенмен, Еуропаның интеграциялануы кейбір аймақтық қақтығыстарды тудыруда. Олардың көпшілігі сепаратизм, экономикалық, мәдени, діни және т.б. Біз Ирак пен Иран, Ирак пен Кувейт, Ауғанстан арасындағы қақтығыстарды, Үндістан мен Пәкістан арасындағы Кашмир дауы [7], сондай-ақ Сирия дағдарысы және Ресей мен Украина арасындағы соғысты әлемдік кеңістіктегі аймақтық қақтығыстардың айқын мысалдары ретінде қарастырамыз.

Сонымен қатар, жаһандық геологиялық апаттар да себептеріне, көріністеріне, уақытына және басқа да белгілеріне қарай әртүрлі топтарға бөлінеді (сурет 1).



Сурет-1. Әлемдегі геоқақтығыстардың жіктелуі

Геоконфликттерде аумақтық (территориялық) қақтығыстар әлемнің әртүрлі аймақтарында әртүрлі, бірақ олар әлемнің кез келген аймағында болатын құбылыс. Мысалы, Ұлыбритания мен Испания арасындағы Гибралтар бұғазы. Азияда мұндай даулардың салыстырмалы түрде саны көп. Ол 30-дан астам жерде таралған. Олардың арасында:

- Израиль мен Палестина;
- Түркия мен Греция (Кипр мен Эгей аралдарына байланысты);
- Ирак пен Кувейт;
- Иран мен Ирак;
- Сауд Арабия мен Йемен және т. б.

Бұдан бөлек, мемлекетте саяси тұрақсыздық кезеңі де болды. Олардың қатарында Латын Америкасындағы Ауғанстан, Непал, Лаос, Колумбия және Гватемала бар.

Солтүстік Африкада:

-Марокко мен Сахара Араб Демократиялық Республикасы және Мавритания арасындағы Батыс Сахара аймағы;

- Шығыс Африкада Сомали, Эфиопия және Эритрея;
- Намибия мен Оңтүстік Африка.

Этно-діни негіздегі қарулы сепаратистік қақтығыстар 2-ші суретте берілген [8].

Халықаралық қауымдастық тұрғысынан геосаяси аймақтың шыңы әлем елдерін екі бөлікке бөледі. Мысалы, 1940 жылдардың басынан 1990 жылдардың аяғына дейін АҚШ пен Кеңес Одағының екі негізгі идеологиясының қақтығысынан қалыптасқан «қырғи-қабақ соғыс» көптеген елдердің географиялық кеңістігін, экономикасын, идеологиясын бұзды. Әлемдік деңгейде. Қақтығыс басталды. Оның салдары күні бүгінге дейін жалғасуда.

Америка Құрама Штаттары мен Кеңес Одағы, НАТО және Варшава ұйымы арасындағы бәсекелестік, дүние жүзіндегі көптеген жабық қақтығыстардың назарында болған әскери

одақтар. Нәтижесінде, Үшінші әлем өз қорларының көлемін ұлғайтты. Алайда 1962 жылғы Капибо дағдарысына байланысты екі ел 1970 жылы халықаралық жағдайларда «агрессияны шектеу және оған тыйым салу» туралы келісімге келді. Әлемдік екінші соғыстан қазірге дейінгі қақтығыстарға шолу жасар болсақ:

*Корея соғысы.* Мақсаты - Солтүстік Корея мен Қытай Коммунистік партиясын, сондай-ақ Қытайдың Солтүстік Корея және АҚШ-пен одақтастығын, сондай-ақ АҚШ деңгейіндегі одақтарды қадағалау. 1950 жылы 25 наурызда Солтүстік Корейдің (Корея Халықтық Демократиялық Республикасы) етегіндегі Оңтүстік Корейге сәтті шабуыл жасады. Шабуыл Кеңес Одағының көмегімен және тікелей қолдауымен жасалды. Оған қарсы тұрған елдер – АҚШ және оның әріптестері: Ұлыбритания, Түркия, Бельгия, Грузия, Колумбия, Үндістан, Филиппин және Таиланд. Ядролық бомбаларды қолдану соғыс кезінде ұсынылды, бірақ ешқашан пайдаланылмады. Өйткені АҚШ, Қытай және Кеңес Одағы үшінші дүниежүзілік соғысқа тап болуы мүмкін болды.

<b>Этно-діни негіздегі Қарулы сепаратистік қақтығыстар</b>	Үндістан мен Шри-Ланканың көптеген аудандары;
	Оңтүстік-Шығыс Азия елдері - Индонезия, Камбоджа, Филиппин;
	Шығыс Азия елдері-Қытай (Шыңжаң-Ұйғыр автономиялық ауданы, Тибет); Солтүстік Африка-Судан;
	Батыс Африка-Нигерия;
	Шығыс Африка-Эфиопия, Эритрея, Сомали, Уганда, Кения, Руанда, Бурунди;
	Орталық Африка-ДР Конго, Ангола;
	Оңтүстік Африкада-Оңтүстік Африка.

Сурет-2. Этно-діни негіздегі қарулы сепаратистік қақтығыстар

*Ауған соғысы.* Бұл Кеңес Одағының Ауғанстан мен Ислам республикасының коммунистік үкіметтеріне қатысты тарихы. Ауғанстан әлемдегі екінші үлкен мемлекет және бір кездері Кеңес Одағының ықпалында болған. Көптеген салаларда шетелдік сарапшы қызметін атқарды. Ауған жастары халықаралық білім алады. 1973 жылы Ауғанстан монархиясы құлатылды. Төңкерістен кейін Закип шахтың ағасы Мұхаммед Дауд үкімет басшысы болып, президенттік басқару жүйесін орнатты. Кеңес Одағы Даудтың Кеңес Одағынан кетуін ұнатпады. 1978 жылы ол зейнеткерлікке шыққанда Кеңес әскерлері Ауғанстанға кірді. Ауғанстан үкіметі тек астана мен провинция үкіметтерін бақылайды. Ауылдық жерлер, таулар мен ойпаңдар басшылардың бақылауында болды. Моджактепу пәкістандық пуштун тайпасынан көмек ала бастады. Осыған байланысты 4 миллионнан астам босқын елден Пәкістан мен Жапонияға қашып кетті. 1988 жылы 14 наурызда Ауғанстан, Пәкістан, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы және АҚШ Женевада төтенше жағдай туралы келісімге қол қойды.

*Кариб дағдарысы.* 1959 жылдың бірінші қаңтарында Кубадағы азаматтық соғыстың соңында президент Батистаның үкіметін құлатты. АҚШ Құрама Штаттары өзінің айналасындағы коммунистік елдердің күшеюіне алаңдады. 1961 жылы президент Джон Кеннеди елді «Кастроның қолынан» босатуға тырысып жатқан кубалық эмигранттарға көмектесуге келісті. Бұл оқиға Кастроның Мәскеуден пана іздеуіне себеп болды. Демек,

Кеңес Одағы Кубаға 1962 жылы әскери көмек көрсетті. Осы уақытта ракеталар жинақтарын орнату құпия болды, бірақ Америка Құрама Штаттары үкіметі ядролық жинақтарды тәркілеуді талап етті. Осы келісімге сәйкес ракеталар Кубадан экспортталады.

*Үнді-қытайдағы соғыс* (1945-1975 жылдар) Үндіқытайдағы француз билігінен ұлтты азат етуде үлкен жетістік болды, содан кейін мемлекеттің коммунистік және коммунистік емес өкіметтері арасында болған күреске ұласқан соғыс болды. Бұл жағдай бойынша АҚШ пен оның Оңтүстік Вьетнамдағы жағының антикоммунистік жүйесі екені сөзсіз екені білінеді. Ал Солтүстік Вьетнам КСРО мен Қытайдың көмегіне ие болды.

*Косово дағдарысы.* 1990 жылы Югославияның Федералды Парламенті Косова автономиясын жоюға қол жеткізді. Косовадағы мұсылман қауымы азат ету лагерін құрып, Югославиядан бөлініп, Албанияға қоныс аударуды талап етті. 1998 жылы Косовода парламенттік және президенттік сайлау өтті, бірақ Белградтағы сайлау нәтижелері заңсыз деп танылды. Косово демократиялық лиганың жетекшісі И. Ругов Косовоны азат ету әскерімен біріккеннен кейін елде толқулар басталды.

*Украина дағдарысы.* Бұл 2013 жылдың қарашасында басталды. Украинаның шығысында Донецк және Луганск халық республикаларын құруы оны сепаратистерге қарсы әскер жіберуге итермеледі. 2014 жылдың 5 қыркүйегінде Минск бейбітшілік келісіміне қол қойылды, нәтижесінде елдегі белсенді соғыс қимылдары тоқтатылды. Украина мен Ресей арасындағы шиеленіс 2021 жылдың екінші жартысында қайта басталды. Нәтижесінде 24 жылдың 2022 ақпанында Ресей Украинаға толық көлемде шабуыл жасады [11].

*Ресей Федерациясының дағдарысы.* Шешенстан, Солтүстік Кавказ және Оңтүстік Осетия Ресей Федерациясының ең ыстық нүктелерінің бірі болып табылады. Мұнда бірінші шешен соғысы (1994-1996) және екінші шешен соғысын (1999-2009) сондай-ақ 2008 жылдың тамызында грузин-осетин қақтығысын атауға болады [12].

*Қытай мен Үндістан арасындағы қарым-қатынас.* Екі мемлекет арасында әскери жанжал тудыруы мүмкін 7 мәселені мамандар көрсетеді. Олар: 1. Шекара дауы;

2. Қытайдың Пәкістанды қолдауы;

3. Қытайдың көрші мемлекеттердің саясатына араласуы;

4. Тибет экологиясы;

5. Қытай қар мен өзен суын өз жеріне бұрып алуы;

6. Халықаралық ұйымдарға мүше болу мәселесі (Үндістанның БҰҰ-ның Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты мүшелікке өтуіне Қытайдың қарсы болуы)

7. Қытайдың соңғы жылдары Тынық және Үнді мұхиттарына әскери кемелерін көп жібере бастауы.

*Үндістан мен Пәкістан қарым-қатынасы.* Бұл екі ел арасында Кашмир аймағына қатысты дау-жандал әлі жалғасып келеді. Нәтижеде әлде неше он мың адам қаза тапты. Бұған екі елдің де халық санының көп болуы себеп болып отыр. Пәкістан әлемдегі халқы ең көп жетінші ел.

*Таяу Шығыс дағдарысы.* Мұнда негізінен араб-израиль қақтығысы туралы болғанымен, бірқатар араб елдері, сондай-ақ жергілікті әскери-радикалдық топтар мен Израиль басқаратын (басып алған) Палестина аумақтарының байырғы араб халқының бір бөлігі арасындағы қақтығыс. Екінші жағынан сионистік қозғалыс, сондай-ақ Израиль Мемлекеті арасындағы қайшылық күрмеуі күрделеніп барады. Израиль Мемлекеті тек 1948 жылы құрылған. Содан бері араб елдерімен арадағы қақтығыс толастаған емес.

2022 жылдың 16 сәуір, жұма күні Израиль әскерлерінің Құддыс (Иерусалим) қаласындағы қасиетті Әл-Ақса мешітіне басып кіруі. Қақтығыс барысында 117 палестиналық жарақат алған [13].

*Орталық Азияның ыстық нүктелері.* Өзбекстан, Тәжікстан және Қырғызстан арасындағы бір-бірімен аумақтық даулар болып тұрады. 2014 жылдың қысында Тәжікстан мен Қырғызстан талас-тартысқа түсті. Қақтығыс шекара маңындағы әскери әрекеттермен жал-

ғасты. Қырғызстан мен Тәжікстан шекара маңындағы елді мекендерде орын алған 2022 жылдың 27 қаңтар күнгі қақтығысты Ауғанстандағы тәжіктермен байланыстыратын болжамдар бар.

*Қытай және аймақтық елдердің шиленісі.* Қытай Оңтүстік Қытай теңізіне иелік етуде өзінің аумағын барынша кеңітіп 1,3 миллион шаршы мильді құрайтынын мәлімдеді. Бұл осы теңізбен шектесіп жатқан алты мемлекеттің наразылығын тудырды. Бұл алты ел: Филиппин, Вьетнам, Малайзия, Индонезия, Бруней және Тайвань. 2014 жылдан бастап Қытай түсініксіз рифтер мен құм жағалауларын зымырандар мен ұшақтардың ұшу-қону орны етті және қару-жарақ жүйелерін орната бастады. АҚШ бұл аймақты 2021 жылы теңіз күштерінің әскери жаттығуларын өткізді. Мұның бәрі Қытайды ашуландырды және шиеленісті одан әрі күшейтті.

*Африкадағы дағдарысты аймақтар.* Африка-әлемдегі ең тұрақсыз аймақтардың бірі, онда әскери қақтығыстар жылдар бойы жалғасып келеді. Африкадағы соғыстардың басты себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

- әлеуметтік мәселелер дағдарысы;
- саяси шиеленістер;
- экономикалық құлдырау;
- ұлттық-этникалық тартыс;
- аумақтық кикілжіңдер;
- идеологиялық келіспеушіліктер.

*Америкадағы қақтығысты аймақтар.* Әрбір аймақтың өзінің тарихи-әлеуметтік және табиғи-географиялық, саяси-экономикалық шарт- жағдайына байланысты қақтығыстарының сипаты мен саны, жалғасын табатын мерзімі де әртүрлі болып келеді. Америка материгіндегі қақтығыстардың негізгі себептері:

- этноконфессиялық;
- әлеуметтік;
- шекаралық келіспеушілік;
- экономикалық факторлар. Осы аталған факторлар кейде сепаратизмге әсер етеді.

Қазіргі таңда әлемдік тұрғыдан алып қарағанда қарулы қақтығыстардың өршіп бара жатқаны байқалады. Мәселен, 1990 жылдардан бастап әлемде қарулы қақтығыстар саны өсу үдерісінде. 2016 жылы олардың саны 49 жетті. Ішкі жанжалдардың 40% - ға жуығы саяси және идеологиялық себептермен, оның ішінде дербес мемлекеттердің құрылуына байланысты орын алады. Әрбір үшінші қарулы қақтығыс этникалық немесе конфессия аралық негізде болады. Қақтығыстардың саны бойынша Африка ең көп қақтығыс орын алған аймақ қақтығыс саны - 19; Азияда 15, оның ішінде Таяу Шығыста 10; Еуропада 3 және Америкада 2 қақтығыс тіркелді. Азия мен Африкада көптеген қақтығыстар әлі де жалғасып жатыр, Америкадағы (атап айтқанда Колумбияда) жағдай қалыпқа келуде.

Адамзат қоғамының өмір сүру тарихында бірге жүретін әртүрлі шиеленістердің ішінде саяси шиеленістер ерекше орын алады, ол өз кезегінде адам қызметінің басқа салаларындағы - экономикалық, әлеуметтік, рухани шиеленістердің салдары болып табылады. Саяси шиеленістердің салдары жойқын көрініске әкеледі - соғыстар, қарулы қақтығыстар, көтерілістер және т.б.

2022 жылғы жаһандық саяси қақтығыстар панорамасы өте күшті қақтығыстар санының өсуімен ерекшеленді. Бұған Ресей – Украина соғысы дәлел болады. 2022 жылы байқалған соғыс саны 21, оның үстіне зорлық-зомбылық дағдарыстарының саны да 164-тен 174-ке дейін өсті, оның 30 пайызы немесе жалпы алғанда 53- і Азия мен Океанияда байқалды [15]. Бұл түрдегі қақтығыстардың артуы адамзат өмірі үшін жан-жақты қиындықтар тудырады. Мысалы Ресей- Украина қарулы қақтығысы-бұл драмалық әлемдік оқиға. Қазіргі қақтығыс адам шығынынан басқа қоршаған ортаға, экономикаға және қоғамға үлкен әсер етеді. Қақтығыс жаһандық деңгейде, әсіресе энергетика мен азық-түлік саласында салдары бар



бірқатар оқиғаларды тудырды. Бұл қақтығыстың күшеюі Біріккен Ұлттар ұйымының (БҰҰ) Тұрақты даму мақсаттарына тек қақтығысқа тікелей қатысатын елдер үшін ғана емес, сонымен қатар экономикалық дағдарысқа осал болып табылатын басқа елдер үшін де елеулі қауіп төндіреді [16].

Ғылыми зерттеу институттарының зерттеуіне сүйенгенде, Дүниежүзіндегі ыстық нүктелер аталатын қақтығысқа толы жерлердің шиленісі бейне ескі жараның орны сияқты.

Ресей мен Украина арасындағы соғыстың Қазақстан үшін сын-қатерлердің көп екенін көрсетті. Алайда, орналасқан географиялық орнымыз бен дархан даламызға көз тіккен жауларымыз тарихтан бері біздің бейбіт өмір сүруімізге кедергі келтіріп қоймастан, тіпті ұлт ретінде жойылып кетуімізге дейін жеткізді. Қазіргі таңда да айналамыздағы болып жатқан геосаяси өзгерістер біздің бей-жай қарап жатуымызға мүмкіндік бермейді. Еліміздің саяси тұрақтылығына қауіп төндіретін сыртқы күштер әлі де бар, әлі де күшті. Егемендікті мәңгілік ету үшін еліміз әлемдегі шиленістілі аймақтарды зерттеп, себеп-салдарын анықтауы және алдын алуы қажет. Жаһандық және аймақтық саяси- экономикалық қатынастарды нығайтуда еліміздің көптеген артықшылықтары бар. Оны біз Қазақстанның аймақтық геэкономикалық және геосаяси жүйесіндегі басқа елдермен салыстырғандағы салыстырмалы артықшылығы ретінде бағалаймыз. Бұның ішінде еліміздің Еуразия кеңістігінің кіндігінде орналасуы оған Батыс пен Шығыс арасындағы «алтын көпір» рөлін атқаруға мүмкіндік береді. Ендігі міндет – осы артықшылықтарды ел игілігіне жарату болып табылады [17].

**Қорытынды.** Егемендіктен кейін Орталық Азияның бес елі әлеуметтік және экономикалық дамуда айқын айырмашылықтарға ие жолдарды таңдады. Біреуі ашық-нарықтық ұстанымды, біреуі жоспаплы экономиканы, енді бірі бейтараптық ты дегендей. Оның үстіне әр бір елдің табиғи географиялық және әлеуметтік экономикалық жағдайлары да түрліше болатын. Мысалы, Қазақстан мен Өзбекстан ұлттық экономикасының негізі бар, әрі біршама жақсы дамыған елдер еді де, қалған үш ел экономикасы табиғи жағдайларының нашарлығымен шектелген, салыстырмалы түрде егіншілік пен мал шаруашылығына қатты тәуелді нашар дамыған елдер болатын. Орталық Азия елдері өзара түрлі салаларда бәсекелес болса да, өз іштерінде әлі де шешімін таппаған кикілжің нүктелері бар. Бұл нүктелер шекаралық дау-дамайға ұласып жатады. Оның үстіне соңғы жылдары орын алып отырған су ресурстарын ортақ пайдалану тұрғысында түсінбеушіліктер орын алуда. Оның үстіне айналасында геосаяси және геэкономикалық тұрғыда ықпал ететін елдердің ді белсенді әрекеті бар. Сондай-ақ үнемі соғыс оты тұтанып тұратын Ауғанстан секілді ел де көршілес отыр. Осының бәрі жаһандық тұрғыда Орталық Азия аймағына әсере етуде. Аймақтағы басты ел ретінде Қазақстанның алдымен әсерге ұшырауы да табиғи үдеріс. Сондықтан шиленіс аймақатырын зерттегенде тек Қазақстанның ғана емес, жалпы Орталық Азия аймағының саяси тұрақтылығы тұрғысынан қарау керек. Ол үшін аймақ елдеріне әсер етуші ірі елдердің де ықпалын зерттеу маңызды орында тұратынын ескерген жөн. Соның ішінде әсіресе Ресей мен Қытай Халық Республикасының әсеріне барынша көңіл бөлген дұрыс.

Екі елдің әсерін салыстыра талдағанда Ресейге қарағанда Қытайдың ықпалын зерттеу өзекті. Себебі, Ресеймен біз ұзақ уақыт бір қоғамдық жүйеде өмір сүріп келдік. Олардың білім-ғылым саласы, мәдениеті мен тілі және техникалық, әскери қуаты да белгілі. Оның үстіне соңғы отыз жыл көлемінде Ресейдің ұлттық жэкономикасы дамудың даңғыл жолына түсе алмады. Ал Қытай экономикасы үздіксіз өсім көрсетіп, әлемдік қауымдастықты тандандырыумен келеді. Оның үстіне Қытай Орталық Азия соның ішінде Қазақстан үшін әлі де бейтаныс ел. Оның тарихи дамуына бойлау үшін Қазақстанға әлі талай уақыт керек.

Орталық Азияның бес елі және Қытай нарықтық ұстанымға шамалы уақыт салып, бір дәуірде аяқ басса да, бір-бірін қайталамайтын сыртқы саясат пен халықаралық стратегияларды әзірледі. Біріншіден, олардың халықаралық бағыт-бағдары түрліше болды, екіншіден, бизнестегі серіктестерді таңдауда бір-бірін емес, әр кім өзге елдерді таңдай бастады. Оның үстіне, олардың халықаралық стратегияларының түпкі негізі де әртүрлі. Бұл елдер жалпылай

Шығыс елдері деп аталды. Қытай – ежелгі мәдениет ошақтарының бірі саналатын, өзінің ұлттық экономикасы жақсы жолға қойылған байырғы ел. Бірақ діни дәстүрі әлсіз болды. Орталық Азия өзіндік мәдениеті бар, үлкен ірі елдер өмір сүрген аймақ. Географиялық орналасуына байланысты оған Еуропаның да Азияның да әсері болды, әсіресе ислам әлемінің ықпалы зор болған. Оның үстіне қуатты көршілерінің басқыншылығына жиі тап болып отырды. Бұл үдеріс Орталық Азия елдерінің ұлттық нақышта дамуына кері әсер етті. Деседе, өткен ғасырдың соңында әр екеуі де жоспарлы экономикадан бас тартып, нарықтық экономикалық қатынастарға өткенде Қытай «қытайлық ерекшелікке ие социализмді» жолын таңдады. Орталық Азия республикалары Батыс елдерінің даму жолын өздеріне үлгі етіп алды. Бірақ олар мемлекеттік билікті және өздерінің нақты экономикалық жүйесін Батыстың ұстанымға сай ете алмады. Ал Қытай өзінің тарихи даму ұстанымен үздіксіз алға жылжып келеді. Сондықтан ол аймақтағы ең қуатты ел саналады. Міне осы тұста Қазақстанның Қытаймен болған қарым-қатынасы қандай бағытта болу керек деген маңызды сұрақ туады. Ол басқа тақырыптың зерттейтін мазмұны болмақ. Алайда, Қазақстанның шиленісті аймақтардан сақтануда ең басты құралы – ол бейбітшілікті, ішкі тұрақтылықты сақтауы болмақ. Бұл тұрғыда Қытаймен арадағы байланыстың жақсы болуының маңызы зор. Қытайдың геосаяси тұрғыда тұрақты болуы Орталық Азия аймағы үшін аса қажетті дүние. Үлкен елдің тыныш болуы айналасындағы шағын елдердің дамуына зор ықпал ететін фактор болып саналады.

*Ескерту. Бұл мақала BR20281006 «Шығыс елдері: тарихи және заманауи өлшем тұрғысынан Қазақстан үшін геосаяси сын-қатерлер мен жаңа перспективалар» тақырыбындағы іргелі ғылыми зерттеудің (ІҒЗ) нәтижелері негізінде жазылды.*

#### *Пайдаланылған әдебиеттер тізімі*

- 1. Каймулдинова К.Д., Қазіргі дүние географиясы: Оқулық. – Алматы: 2011. –312 б.*
- 2. Дүниежүзінің саяси картасы.11 мамыр 2013 <https://bilimdiler.kz/geographia/6078-duniezhuzinin-sayasi-kartasy.html> .*
- 3. Каймулдинова К.Д., Қазіргі дүние географиясы: Оқулық. –Алматы: 2011. –312 б, 5 б.*
- 4. <https://kk.atomye.com>. Иран-ирақ соғысы: Себебі, тарихы, шығыны мен салдары*
- 5. Степанов А.В., «Геоконфликтология», УрГУ, Екатеринбург –2008. – С.12-24*
- 6. Каймулдинова К.Д., Басқарудың географиялық негіздері және тұрақты даму: Оқу құралы. Абай атындағы ҚазҰПУ, "Ұлағат" баспасы, Алматы, 2012. – 116 б.*
- 7. «Региональные конфликты в современном мире» учебное пособие/ М.А. Штанько. – Томск: Изд-во ТПУ, 2006. – 93 с.*
- 8. [https://spravochnick.ru/sociologiya/etnoreligioznye\\_konflikty\\_v\\_sovremennom\\_obschestve](https://spravochnick.ru/sociologiya/etnoreligioznye_konflikty_v_sovremennom_obschestve)*
- 9. <http://www.inform.kz>*
- 10. Географический энциклопедический словарь: Понятие и термины. Москва, Современная энциклопедия, 1988. – С. 97.*
- 11. [https://mirputeshestvij.mediasole.ru/top\\_10\\_goryachih\\_tochek\\_v\\_sovremennom\\_mire](https://mirputeshestvij.mediasole.ru/top_10_goryachih_tochek_v_sovremennom_mire)*
- 12. <https://fb.ru/article/155030/goryachie-tochki-karta-goryachih-tochek-planetyi>*
- 13. Динара Амантай, Израиль әскерлері әл-Ақса мешітіне басып кірді. <https://turkystan.kz/article>*
- 14. <http://profil.adu.by/mod/book/tool/print/index.php?id=1819>*
- 15. <https://hiik.de/conflict-barometer/current-version/?lang=en/2023>*
- 16. Paulo Pereira, Wenwe Zhao, Lyudmyla Symochako. The Russian-Ukrainian armed conflict will push back the sustainable development goals. Geography and Sustainability//Volume 3, Issue 3, September 2022, Pages 277-287 <https://doi.org/10.1016/j.geosus.2022.09.003>*

### References

1. Kaimýldinova K.D., *Qazirgi dúnie geografiyası: Oqýlyq.* –Almaty: 2011. –312 b.
2. *Dúniejúziniń saıası kartasy. 11 mamyr 2013.* <https://bilimdiler.kz/geographia/6078-dunie-zhuzinin-sayasi-kartasy.html>.
3. Kaimýldinova K.D., *Qazirgi dúnie geografiyası: Oqýlyq.* – Almaty: 2011. – 312 b,5 b.
4. <https://kk.atomiyeme.com>. *Iran-Irak sogysy: Sebebi, tarihy, shygyny men saldary*
5. Stepanov A. V., "Geokonfliktologiya", Ýý, Ekaterinbýrg –2008. – S. 12-24
6. Kaimýldinova K.D., *baskarıdyń geografialyq emes jáne turaqty damý: Oqý quraly.Abai atyndaǵy Qazuý," Ulaǵat " baspasy, Almaty, 2012.–116 b.*
7. "Qazirgi álemdedi aimaqtyq qaqtyǵystar" oqý quraly/ M. A. Shtanko. –Tomsk:TPÝ basylymy, 2006. – 93 b.
8. [https://spravochnick.ru/sociologiya/etnoreligioznye\\_konflikty\\_v\\_sovremennom\\_obschestve/](https://spravochnick.ru/sociologiya/etnoreligioznye_konflikty_v_sovremennom_obschestve/)
9. <http://www.inform.kz>
10. *Geografialyq ensiklopedialyq sózdik: terminder ugymy jáne terminderi, qazirgi ensiklopedia, 1988. – S. 97*
11. [https://mirputeshestvij.mediasole.ru/top\\_10\\_goryachih\\_tochek\\_v\\_sovremennom\\_mire](https://mirputeshestvij.mediasole.ru/top_10_goryachih_tochek_v_sovremennom_mire)
12. <https://fb.ru/article/155030/goryachie-tochki-karta-goryachih-tochek-planetyi>
13. *Dinara Amantai, Izrail áskerleri ál-Aqsa meshitine basyp kirdi.* <https://turkystan.kz/article>
14. <http://profil.edu.by/mod/book/tool/print/index.php?id=1819>
15. <https://hiik.de/conflict-barometer/current-version/?lang=en/2023>
16. Paulo Pereira, Wenwe Zhao, Lyudmyla Symochako. *The Russian-Ukrainian armed conflict will push back the sustainable development goals. Geography and Sustainability//Volume 3, Issue 3, September 2022, Pages 277-287* <https://doi.org/10.1016/j.geosus.2022.09.003>
17. Sarkytkan Kaster, Duken Masimkhanuly. *The State and the Importance of its Geo-Economic capabilities in Geopolities (On the example of Kazakhstan)* <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-5461.12>

УДК 576.32/36  
МРНТИ 34.19.01

<https://doi.org/10.51889/1728-8975.2023.77.3.014>

Т.Т. Нуркенов<sup>1\*</sup>, А.Т. Нуркенова<sup>2</sup>, Д.К. Кульжанова<sup>1</sup>

<sup>1</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Университет ветеринарной медицины Будапешта,  
Будапешт, Венгрия*

## ПОЛЕЗНЫЙ ЭФФЕКТ РАСТИТЕЛЬНЫХ ПОЛИФЕНОЛОВ В ПРОФИЛАКТИКЕ СЕРДЕЧНО-СОСУДИСТЫХ И ЦЕРЕБРОВАСКУЛЯРНЫХ ЗАБОЛЕВАНИЙ

### Аннотация

Полифенолы – продукты вторичного метаболизма растений, широко применяемые в качестве биологически активных соединений в фармакологии, медицине, сельском хозяйстве. Эти соединения встречаются во всех органах самых различных растений (плоды, семена, корни, кора, древесина, листья). Все растительные полифенолы по отношению к животным организмам в той или иной степени обладают биологической активностью широкого спектра, являясь важной составной частью рациона питания и в настоящее время находятся в центре научного внимания. Различные растительные полифенолы – обязательный компонент любой диеты, включающей растительные продукты, и суточное потребление их при обычной диете в среднем составляет не менее 1г/день. Биологические эффекты растительных полифенолов разнообразны и специфичны, что обусловлено разнообразием их